

398.2 4

Б 12

БАБАЛАР СӨЗІ

ХИКАЯТТАР



95



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНГІШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

Астана 2013

«МӘДЕНИ МУРА» ҮЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлышбаев Бағлан, кеңес төрагасы
Асқаров Әлібек, жауапты хатшы


Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бұркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Фарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әbdіmөліk
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҰЗ ТОМДЫҚ

Хикаяттар

95 ТОМ



УДК 398.2(=572.122)

ББК 82.3

Б 12

Казақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрагат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару» бағдарламасы бойынша шыгарылды

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төрага*), Қорабай С.С. (*төраганың орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б.Ү., Әлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов Ү.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басута М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:


Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Алпысбаева Қ., Әкімова Т.,
Қалижанов Ү., Қасқабасов С.А., Қираев С.С., Қорабай С.

**Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:
Әкімова Т. (*жауапты шыгарушы*), Әлбеков Т., Пилтан Ю.**

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 95: Хикаяттар. — 432 бет.

ISBN 978-601-299-009-6

«Бабалар сөзі» сериясының 95-томына халық прозасының іргелі түрде зерттелмеген саласы — хикаяттар енді.



УДК 398
ББК 82.3

ISBN 978-601-299-009-6 (т. 95)

© Әдебиет және өнер институты, 2013

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Үлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан төрт томы үлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын әпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер т.б. жанrlарға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы, «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Монголиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялық фольклордың», «Тұс жору және ырымдардың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Монголия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 95-том халық прозасының ілгергі-бергі кезеңдерде жеке жинақ ретінде жарияланбаған, әрі іргелі түрде зерттелмеген саласы — хикаяттарға

арналады. Қазақ хикаяттары тақырыбы мен сюжеттік оқиғасына қарай кітаби және діни оқиғалардың желісіне құралады. Дәлірек айтқанда, бұл жанрда түрлі өулие-әнбиеге, пайғамбарларға, болмаса Ислам дінінің мифологиясына неғізделіп, шындық пен қиялдың элементтері кіріктіріле отырып тарихи тұлғалар, оқиғалар көркем әсіреленіп баяндалады. Шығыс елдерінде осы хикаят желісіндегі шығармалар аса мол сақталғандықтан, олар жинақталып, жүйеленіп өр кезеңдерде арнайы басылым қөріп отырған. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл үрдіс қазақ даласында да белең алыш, халық шығармашылығына біртіндеп сіңісіп, төл туындыларындашынан кеткен хикаяттар әрқиылды басылымдарда, жеке жинақтарда жарияланды. Әсіресе, қазақ оқырмандағын (тыңдармандарын) ерекше қызықтырған тақырыптар Адам атадан бергі пайғамбарлардың ғұмырнамалары, соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммед әлайһи саламның өмірі мен қызметі, оның серіктері—алғашқы халифтар Әбубекірдің, Омардың, Оспаның, Әлидің, өзге де сахабалардың Ислам діні жолындағы құрестері, Лұқпан, Ескендір Зұлқарнайын, Қыдыр-Қызыр ата, Файып Ерен Қырық Шілтен, Баба Тұкті Шашты Әзіз т.б. туралы шығармалар болды. Тіпті, XX ғасырдың басында «Қиссасул-әнбия», «Тариху Мұхамадия» сынды үлкен еңбектер қазақ тіліне аударылып, Қазан қаласында басылым көрді. Бұл ретте кітаптардың тәржімалануына, дайындалуына, басылуына мұрындық болған А.Жалмұхамедов, А.Білмұхамедов секілді Алаштың зиялы азаматтарының есімдерін айрықша атап өткен орынды.

Томға адамзаттың пайда болуынан бастап мифтік санамен бірге қалыптасып, өрбіп адамдардың даму-жетілу үдерістерінде игілікті қарым-қатынастарды, адамгершілікті, адалдықты, имандылық пен ибалылықты насиҳаттап келген хикаяттың әңгімелердің жиынтығы «Қиссасул-әнбия» (1907) кітабынан—26, «Тариху Мұхамадия» (1907) жинағының қолжазба нұсқасынан—16 хикаят енгізілді. Мұнан өзге фольклортанушығалымдар Е.Ысмайловтың «Солтүстік Қазақстан» (1965), Б.Адамбаевтың «Батыс Қазақстан» (1957), М.Ахметовтың «Арал-Қызылорда» (1941), Қ.Саттаровтың «Қарақалпақстан, Өзбекстан» (1984), Е.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекет-

тік университетінің студенттері фольклорлық экспедицияларының (1991) жинаған материалдары алынды.

Сондай-ақ Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Сирек қорларында сақталған М.Ж.Көпееvtің, Ә.Диваевтың, Ш.Жәңгіровтың, Х.Имажановтың, Б.Қозыбақовтың, А.Нұралинның, Ә.Жұматаевтың, Н.Раманқұловтың, А.Дүйсенбінің, С.Ережеповтың қолжазба мұралары пайдаланылды. Сонымен бірге жинаққа «Дала уәлляттының газеті» (1888), «Тафсир баян» (1907), «Иман» (2008), «Мұсылман» (2009), «Хақ жолы» (2010) т.б. базылымдарда жарияланған кейбір туындылар кіргізілді.

Томды баспаға дайындау барысында ғылыми базылымдарға қойылатын талаптар айрықша ескерілді. Бұл топтама жалпы оқырмандардан бөлек қоғамдық ғылымдарды зерттеушілерге де арналған. Сондықтан томда әр хикаттың қолда бар нұсқаларының толық қамтылуы — ғылыми базылымдардың ұстанымдарына толық жауап береді.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және базылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су, ру атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,0 б.т.

ХИКАЯТ

Біздің дәуірімізге жеткен фольклор қоғамдық сананың бір түрі ретінде өнерге жатады, бірақ ол өнер дәрежесіне бірден жетпеген. Фольклордың түрлері адамзат өмірінің әр кезеңінде туып отырған, өзгеріске түсіп жатқан, тіпті, ұмытылып, қолданыстан шығып жатқан. Осы күнге жеткен дәстүрлі фольклорлық шығармалардың көбісі — сол бұрынғы фольклордың негізінде туып, солардың жүрнағын сақтап қалған, сондықтан көптеген жанрлардың құрамында, бойында, бір жағынан, алғашқы қауымға тән ұғым-түсініктің, қарабайыр діннің, екінші жағынан, қарапайым білімнің, үшінші жағынан, қарапайым өнердің белгілері кездеседі. Бұл синкреттік сипат кейінгі дәуірлерде пайда болған жанрларда да көрініс табады, өйткені әрбір жаңадан туған жанр өзінен бұрынғыға негізделеді, соны пайдаланады, өзіне бейімдейді, сейтіп, жеке жанр ретінде қалыптасады. Мұндай үрдісті, мәселен, хикаят жанрының туып, қалыптасуынан да байқауға болады.

Орта ғасырларда ертедегі ескі шамандықтың орнына бір Құдайлық дін келіп, ол бұрынғы діни нағымдарға қарсы қatal күрес жүргізді, бірақ оларды мұлде жоя алмады, керісінше, солармен қатар өмір суруге мәжбүр болды, соның нәтижесінде ескі діни нағымдарды өз мұддесіне пайдалану мақсатында кейбір ежелгі ырымдар мен ұғымдарды, ғұрыптарды өзгертіп, дінге бейімдеді. Мұндай жағдай сол шақтағы фольклорда да орын алды, бұл өсіреле хикаят

жанрының тарихынан айқын көрінеді. Ежелгі миф пен хикая жанрлары—ескі діни нағымдар жемісі болса, хикаят жанры—кейін пайда болған бірКұдайлық дінмен байланысты туған, яғни олар әр дәуірде, әртүрлі үфым негізінде туындаған. Бірақ соған қарамастан, орта ғасырларда олар қатар өмір сүрді де, бір-біріне өзара ықпал етті. Сол себепті хикаят өзінің қалыптасуы барысында ежелгі миғтің де, одан кейінгі хикаяның да, тіпті, әпсананың да кейбір белгілерін бойына сіңірген, өзіне лайықтан пайдаланған. Сөйтіп, қазақ фольклорының құрамында жаңа жанр—хикаят (агиография) пайда болған.

Хикаят дегеніміз—кейде ойдан шығарылған, немесе діни кітаптардан алынған сюжеттерді көркем түрде баяндайтын әңгімелер. Хикаяттың түбінде өте ерте заманда болған деп есептелетін оқиға жатуы да мүмкін, сондықтан онда тарихи есімдер де, мекендер де ұшырасып қалады. Сондай хикаяттарға, мәселен, Ескендір Зұлқарнайын есімімен байланысты әңгімелер жатады. Қазақ арасында Ескендір жайында айтылатын әңгімелер, негізінен, үш сюжетке құралған. Біріншісі—өлмес суды іздеген Зұлқарнайын туралы, екіншісі—қос мүйізін жасыра алмаған Ескендір жөнінде, үшіншісі—жұмаққа кіре алмаған Ескендір хақында. Осылардың біріншісі мен үшіншісі хикаят түрінде баяндалады.

Ескендір—тарихта болған адам, демек, ол туралы алғашында азыздар пайда болған да, кейін олар әпсанана, хикаятқа айналған. Бұған қоса тағы айтарымыз—Ескендір туралы сюжеттер қазақ еліне сырттан келген және көбіне-көп діни, тағы басқа да кітаптар арқылы тараған, соның әсерінен ол сюжеттерде, дәлірек айтсақ, Ескендірдің өлмес суды іздегені жайлы сюжetteтте ислам идеяларының әсері бар. Ендеше, мұнда хикаят жанрының белгілері айқын. Мәселен, кейіпкердің пайғамбар немесе әулие болып көрінуі, шығармадағы оқиғалар мен іс-әрекеттердің Алланың бүйрығы ретінде түсінілуі, неше түрлі кереметтің орын алып,

көркемдік мақсатта пайдаланылуы, ескі шамандық наным мен мұсылман діні мифологиясының аралас келуі.

Хикаяттарда әңгімеленетін оқиғалар тыңдаушылар арасында сенімсіздік тудырмайды, өйткені олар пайғамбарлар мен әулиелердің іс-әрекеті немесе басынан кешкен оқиғалары болып баяндады.

Хикаят жанры, негізінен, Қазақстанда ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан. Оның түп-төркіні, сөз жоқ, көне заманның мифологиялық түсінік-нанымдарымен сабактас. Хикаят таза мұсылмандық мифологияға ғана негізделмейді, онда архаикалық мифтің де, әпсана мен азыздың да, тіпті, ертегінің де қасиеттері ұшырасады. Сондықтан да бұл жанрдың пайда болу процесін ислам дәуірінен бұрынырақ деп түсіну керек, ал жанр ретінде толық қалыптасуы исламның қазақ еліне кең тараған кезіне сәйкес келеді.

Міне, осы хикаят жанрның белгілері Ескендір туралы қазақ арасына тараған шығармалардан анығырақ көрінеді. Ол шығармалар үш топ құрайды. Біріншісі — өлмеуге әрекет істейтін Ескендір туралы баяндайтындар. Оның сюжеті мынадай: Ескендір патша өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, өлмес суды іздел, Зұлматқа барады, бірақ ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Ілияс тауып ішеді де, сонынан Ескендір келіп жеткенде, өлмес суғайып бол кетеді немесе ол суды қарғалар ішіп қояды. Сөйтіп, Ескендір патша «өлімге дауа болатын суды» іше алмай қалады.

Бұл сюжетке құрылған хикаяттардың саны айтарлықтай көп емес. Мұндай шығармалар, көбінесе, Құранды, тағы басқа діни кітаптарды көп оқыған адамдар арасында кең тараған болу керек. Оған ертеректе жарияланған мәтіндерде және біздің XX ғасырда жазып алған фольклорлық материалдарымыз да дәлел болады. Мысалы, 1961, 1963, 1967, 1968 жылдары біз Ескендірдің өлмес су іздел, Зұлматқа (қараңғы жерге) барғаны жайлы хикаятты ерте кезде молда болған, мұсылманша көп оқыған, бертінде колхозда жұмыс

істеген Ә.Тышқанбаев, Р.Сәрсенбин, Р.Малдыбаев деген көнекөз қариялардан жазып алған болатынбыз.

Өлмес суды іздеген Ескендір туралы хикаятта өлімнен құтылудың жолын іздестірген Қорқыт туралы әпсанадағыдай оптимистік рух пен табанды күрескерлік сипат жоқ. Егер Қорқыт ажалға қарсы тайсалмай күрессе, Ескендір олай күресе алмайды. Қорқыт адам өмірі үшін саналы түрде күрессе, Ескендір тек өзін мәңгі сақтап қалу үшін, яғни тек өзімшілдік мақсатта ғана қымылдайды. Ол күреспейді де. Міне, бұл — діни кітаптардан тараған хикаятқа төн белгі. Бұл айтқанымызға тағы бір дәлел ретінде мынаны айтуға болады: Ескендір, тіпті, өлмес суды тапса да, ішпе алмайды, себебі су біресе өзі ғайып бол жетеді, біресе суды қарғалар ішпіп қояды, енді бірде судың өзі патшаның тамағынан жүрмей қояды. Осының бәрін көрген Ескендір «Алла тағала маған өлмес суды бұйыртпаған екен!» — деп, Құдайдың шешіміне, өлімге мойынсұнады. Сондай-ақ өзінен бұрын өлмес суды ішпіп, енді өле алмай, қор болып жүрген адамды көріп, Ескендір патша дереу өзінің райынан қайтып, өлмес суды ішуден бас тартады. Мұнда да ол Қорқыттай табанды бола алмайды, өлімге қарсы ақырына дейін күресуге жарамайды. Бірақ Ескендірдің бұл іс-әрекетін хикаят сынамайды да, мінемейді де. Бұл заңды, өйткені хикаят жанры діни түсініктердің ықпалында молырак болады. Ал біз талдаң отырған хикаят қазақ арасына «Қисса-сұл әнбиядан» тараған¹. Оған дәлел: біріншіден, бұл кітапта өлмес суды іздеген Ескендір туралы былай әңгімеленеді. Ескендір барлық ғалымдарын жинап алғып, дүниеде көп жасауға ойланып, «өмірдің ұзақ болуына не шара бар?» — деп сұрақ қояды. Сонда ғалымның біреуі тұрып: «Қап

¹Диваев А. Предание о Хазрете Ысмағұл-Ата // Туркестанские ведомости. 1901. №№20, 24, 25; Киргизская святыня. Пещера Чаклак-ата // Закаспийское обозрение, 1902. №31; Хорасан ата // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. 1910. Вып. 22. – С. 200-201; Новицкий Ю. Ходжа Ахмет Ясави // Туркестанские ведомости. 1912. №38; Тәңірінің сүйген құлы // Дала уәлаятының газеті. 1900. №№ 16, 17; Мұса пайғамбардың Құдаймен сөйлескені // OFK қолжазба қоры. №197-бума; Адам өмірі // Сонда. №202-бума, тағы басқалар.

тауының аржағында, қараңғылықта Гайнылхаят бұлағы бар, содан су ішкен адам қияметке дейін өлмейді», — дейді. Оған басшыны Қытай елінен іздеу керек болған. Қытайлықтар Ескендірге Қызыр деген адамды басшы етіп береді. Туар малдың ең көргіші қысырақ бие дегенді естіген соң, Ескендір жиырма мың бие тапқызып, әскерлеріне мінгізеді. Қызырға қараңғылықты жарық қылатын бір жауһар тас беріп, оны ілгері жібереді. Артынан Ескендір әскерімен өзі жүреді. Ібілістің нұсқауымен Ескендір тауды өрлеп, жоғарылай береді. Алдынан қиямет күні жел жіберетін Исрафыл періште жолығады. Ескендір одан мәңгі сұын сұрайды. Ол тобықтайғана бір тас береді. Ол тас адамның көз сүйегі болып шығады. Оның сырын патшаға қасындағы Қызыр түсіндіреді. «Бұл — көз сүйегі. Адам тірлікте ешнәрсеге тоймайды, өлген күні бір уыс топырактан қанағат табады», — деп жауап береді Қызыр².

Міне, бұл — «Қисса-сұл әнбия» кітабындағы сюжет. Осы сюжеттес қазақ хикаяттары, көбінесе, мұсылманша оқып, діни кітаптармен жақсы таныс адамдардан жазылып алғанғаны және оның арабша хат танымайтын көпшілікке кең тарамағаны айтылып отырған сюжеттің төркіні — «Қисса-сұл әнбия» екенін дәлелдесе керек.

Сондай-ақ хикаятты айтушылар «Зұлқарнайын» деген сөзді «қос мүйізді» емес, «екі дүниені билеген» деп түсіндіреді. Мұндай идея, яғни Ескендір — жарық және қараңғы, яки бұл дүние мен о дүниені бірдей билеген пайғамбар-патша деген ой «Қисса-сұл әнбияда» дәріптеледі, ал Ескендірдің өз бейнесі барынша мадақталады.

² Ескендір Зұлқарнайын өзінің дүшпандарын неменен женгені // Даға үәләятының газеті. 1895. №5; Қазақтың қонақ күтуі турасынан // Сонда. 1900. №№11, 12; Алтынсарыұлы Ыбырай. Өлеңдер жинағы. Алматы, 1935. 46-49-б.; Саркин Н. Киргизское стихотворение об Александре Македонском // Известия Общества истории, археологии и этнографии. — Казань, 1905. Т.21. Вып.4. — С. 373-378; Қасқабасов С. Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың «Ескендір» поэмасы // Қазақстан мектебі. 1968. №2. — 68-б.; Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. — М., 1972. — С.158; Хан бүйрығы // ӘФИ қолжазба қоры. №118-бума.

Қазақ арасына тараған Ескендірге байланысты фольклорлық шығармалардың енді бір тобы мына сюжетке құрылған: Ескендір патша жорықта (жолда) келе жатып, керемет бұлаққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп, ол жұмақтың қақиасына жетеді. Патша қақпаны ашуды бүйырады, бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның ішінен орамалға түйілген адамның бас сүйегін (кейде бір дорба ұнмен қоса) тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шақырады. Сол кезде өміршінің қасындағы Қызыр (данышпан) бас сүйекті таразыға салдырып, өлшетеді. Бас сүйекті ешнәрсе баса алмайды. Сол уақытта таңданған патшага Қызыр: «Адамның көзі дүниеге тоймайды, тек топырақ қана бас сүйекті баса аллады!» — деп, бір уыс топыракты сүйектің көзіне құя салады. Сол сөтте бас сүйек тұрған таразы көтеріледі. Ескендір болса, жаһангерлік райынан қайтады³.

Бұл — жалпы прозалық фольклордағы көне сюжеттердің бірі. Дәл осы сюжет ежелгі жазба ескерткіштердің қатарына жататын «Талмуд» кітабында бар⁴. Онда мысал (притча) ретінде берілген. Бұл сюжеттің қазақ топырағына келуі Талмуд пен Библиядағы Сүлеймен, Мұса, Нұқ, Исалар жайындағы хикаяттардың Құран, Тафсир, Хадис, тағы басқа мұсылман кітаптары арқылы тарағаны күмәнсіз. Сол себепті де Ескендір тап болатын жұмақ пен бас сүйек туралы баяндайтын шығармалар хикаят жанрының құрамында қарастырылады. Оған тағы бір айғақ ретінде Ескендірдің біршама жұмсақ болып бейнеленуін айтуға болады. Егер қос мүйізі бар Ескендір жайлы хикаяттарда ол аяныш, ойлану дегенді білмейтін қатал, тасжүрек адам болып көрінсе, мұнда ойланып, өз жайын түсіне білетін патша кейпінде суреттеледі. Басқаша айтар болсақ, Ескендірді дәріпте, мадақтаудың нышаны бар,

³ Бұл туралы толығырақ қараңыз: Қасқабасов С. Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың «Ескендір» поэмасы // Қазақстан мектебі. 1968. №2. – 68-70-бб.; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973. – 17-21-бб.

⁴ Құнанбаев А. – Алматы, 1945. – 457-458-бб.; Саркин Н. Аталған еңбек. – 379-380-бб.; Кенесбаев И. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 9-б.

соны үлгіге тарту мақсаты бар. Ал бұл — хикаят жанрының бас белгілерінің бірі. Алайда көркемдігі жағынан әпсанаға тән ғажайыптық сипат жоқ. Рас, көркем шарттылық бар. Ескендірдің жұмақ қақпасына баруы, оның күзетшісімен сейлесуі — әрі шарттылық, әрі кереметтік элементі.

Ендігі бір көңіл аударатын нәрсе — аргы түбі Талмудқа аппаратын осы сюжеттің ұлы Абай творчествосынан орын табуы. Біздің қолда бар фольклорлық хикаяттардың да, Талмудтағы мысалдың да сюжеті, оқиға өрбүі — толығымен Абай «Ескендірінің» желісі. Тіпті, кейбір эпизодтар мен детальдарға шейін дәлме-дәл келеді. Мысалы, Ескендірдің шөлде бұлаққа тап болуы, бұлақ сұнына кепкен балықты салуы, балықтың хош иісті болып, дәмінің өзгеруі, бұлақты бойлай жүрген Ескендірдің жұмақ қақпасына жетуі, жұмақ күзетшісімен сейлесуі, патшаның ашуланып, күзетшіден белгі боларлық бір нәрсе сұрауы; қақпаның аржағынан бас сүйектің тұсуі, ол сүйекті алтын-күміспен өлшеуі, т.т. Демек, Абайдың «Ескендір» поэмасы мен фольклорлық хикаяттың түпкі төркіні — бір, ол — «Талмуд» кітабы⁵.

Алайда ұлы Абай тек бұлармен ғана шектелмеген. Басқа сөзбен айтқанда, Абай «Талмудты» да, фольклорлық хикаятты да, басқа да әдеби туындыларды, сондай-ақ Ескендір туралы тарихи шығармаларды да пайдаланған, оларды өзінің гуманистік, имандылық тезінен өткізіп, қорытқан, сөйтіп, идеясы, эстетикалық нысанасы мүлде басқаша, жаңа шығарма жазып шыққан.

Сонымен, басқа халықтардағы сияқты, қазақта да Ескендір туралы фольклорлық та, әдеби де шығармалар бар екені анықталды. Олар үш сюжетті әңгімелейді.

Бірінші сюжет — Ескендір патшаның өлмес суды іздегені. Бұл оқиғаға құрылған хикаят қазақ фольклорына Рабғұзидің «Кисса-сұл әнбиясынан» келгенімен, оның сюжеті, сайып

⁵ Текаппар өскер басы тұрасынан // Дағы уәляттының газеті. 1895. №3. Зұлқарнайын // Қазақстан мектебі. 1968. №2. – 62-6.

келгенде, адам баласының тағдырға қарсы немесе ажалдан қашуы туралы көне мифпен тамырлас.


Екінші сюжет—қос мүйізді Ескендір мен шаштаразшы туралы. Бұл сюжет қазақ халық әдебиетіне Низамидің «Ескендір-намасы» арқылы тараган. Ал, тұптеп келгенде, мұндай сюжеттердің тууы алғашқы қауымның тотемдік сенімдерімен байланысты.

Осы сенімдерге негізделген түсінік бойынша, ерте уақытта ру басы, тайпа қөсемі, бақсылары, патшалары тотемнен туады, соның кейпінде болады, қасиетін бойына сіңіреді деп ойлаған. Сол себепті олар есек құлақты, өгіз мүйізді т.б. түрде суреттелген. Егер олар осы магиялық күш беріп тұрған құлақтан, мүйізден айырылса, опат болады деп сенген. Қоғамда бұл нанымдардың жойылуымен мифтегі қиялдық элементтер әпсана мен хикаятқа көшеді. Енді акцент моральдық проблемаға жасалады: мүйізді ханның атағы үнемі зұлымдықпен шығады және оның масқара құпиясын ашу барша жұртты моральдық тұрғыда қанағаттандырады. Осының нәтижесінде бұл сюжеттегі шығармаларда ертегілік сипат бар.

Ұшінші сюжет — жұмаққа тап болып, көз сүйегін алған Ескендір жайында. Мұның тұп негізі — Талмудтағы мысал. Ал, Талмудқа Ескендір сарбаздары шығарған азыздардың Шығыста тараған нұсқаларынан енген болу керек. Ол қазақ еліне мұсылман кітаптары арқылы келген. Ал сюжеттің арғы түбірі өлмеудің амалын іздеген адам туралы миф болуы ықтимал, өйткені хикаятың бүкіл сарыны сонымен үндес: жұмақ, керемет су, мәңгі тірі Қызырдың бас сүйек жайында айтқандары, Ескендірдің өлім туралы ойлап, жаһангірліктен бас тартуы — міне, осының бәрі ажал мен адам күресі туралы мифті еске түсіреді. Ескендірдің «өлімге дауа болатын суды» ізден Зұлматқа барғанда, өлмес суды Қызыр мен Ілиястың ішіп қоюы осы сюжетте де көмескі түрде көрініс береді. Сонымен бірге Ескендір туралы хикаяттарда Лұқманың бейнеленуі де кездейсоқ емес. Лұқман да — Шығыс

халықтарының фольклорында кең тараған кейіпкер. Жалпы, қазақтың хикаяттарының ішінде Құранда өңгімеленетін Лұқман, Сүлеймен, Қарун жайында баяндайтын сюжеттер де кездеседі.

*С.А. Қасқабасов,
ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор*



МӘТІНДЕР



I. Күссасул=Әнбия

1. ХАЗІРЕТ АДАМ ӘЛАЙНІ САЛАМНЫҢ ТОПЫРЛАҚТАН ЖАРАЛУЫНЫҢ БАЯНЫ

Озған замандағы моллалардан айтылған сөз. Хазірет Адам әлайһи саламның жаралып дүниеге келуінен бұрын жер жүзінің аһлы жын қауымдары еді. Әуел жын тайпасы Алла тағалаға күнә қылған соң, Алла тағала ол қауымды һәлак қылмақ үшін бір бөлік періште жіберіп, жер жүзінде жын тайпасын құдышты, сол заманда Ібіліс жынының патшасы еді. «Уал жинну халақнағу мин қабла мин нари сумум» деп Құранда Алла тағала зікір қылды. Құрандағы «Мин қабла» деген сөзден мақсұд: «Адамдан бұрын» деген сөз аңғарылады.

Ол уақытта Ібілістің аты Әзәзіл еді. Алла тағала Адам әлайһи саламды топырақтан жұма күні жаратып бітірді. Мұның соңында Адам әлайһи саламның қабырға сүйегінен Хаяны жаратты. Жаны бар тірі нөрседен жаратылғаны үшін Хая деп атады. Сол уақытта Хазірет Адам менен Хая әлайхума-ассаламның жанатта ең өуел жеген нөрсесі жүзім жемісі еді. Мұның соңында Алла тағала бидай жемісін жеменіз деп тыйды. Адамға қызмет қылуға Алла тағала жыланды қосты. Ол заманда жылан бек көркем суретте еді. Аяғы да бар. Мұның соңында Ібіліс Адам әлайһи саламның ұжмақта тұрганына бек қатты күйініп, күншілік қылып, ұжмаққа кіруге һәр түрлі айла қылуға ойлап, ұжмақтың қасында тұрушы һәр хайуанға барыш ғұзыр өтініп, жалынды: «мені кіргізіңіз» деп. Һешбірі де қабыл қылмады.

— Сен Алла тағаланың рахметінен сүрілген мақұлықсың. Біз қорқамыз сені ұжмаққа кіргізуге, — деділер.

Ақырында баршасынан күдер үзген соң баяғы Адамның қызметшісі жыланға барды: «Енді нешік болса да, мені сен кіргіз» деп. Жылан қабыл қылыш, Ібіліс лағинды кіргізді. Мұның соңында кіріп, Хауаны азғырып, бидай жегізіп: «Еш өлім жоқ, жесеніз, аман қаласыз» деп. Хауа барып Адам әлай-хи саламға:

— Мен жедім, сен де же. Өлім деген бір жаман нәрсе бар екен, соナン бидай жесе құтылады дейді, — деп Адамға жегізіп, Алланың «қылмаңыз» деп тыйған нәрсесін істеп күнәлі болған соң, Алла тағала:

— Ұжмақтан шығып, дүниеден барып орын алышыз, — деп әмір етті. Мұның соңында Адам, Хауа алейхума-ассаламды жөне Ібілісті, жыланды дүниеге ендірді. Хазірет Адам әлай-хи салам қылған қатесіне өкініп, бек көп жыл жылады. Мұның соңында Алла тағала «төубесін қабыл қылдым» деп хабар жіберді. Мұның соңында әмір болды: «Меккеге барсын» деген. Соңын Адам әлай-хи салам Меккеге жөнелді. Жүрген уақытта жердің жүзі тіріліп, жолы қыскарды және басқан жері нұрланған риушты болып, жасарып қалды. Атамыз Адам әлай-хи салам ұжмақтан шығып, жер жүзіне енүге әмір болғаның соңында Һинд мемлекетінің күншығысы жағында Серендең деген бір аралға келіп тұсті. Хауа Мекке-мукаррамның жақынында Жидда деген жерге келіп тұсті. Хазірет Адамның сақалы жоқ еді деп риуаяттар да бар. Мұның соңында балаларына сақал шықты. Хазірет Адам әлай-хи салам биігірек, көріклі, қою шашты бір кісі еді. Атамыз Адам жер жүзіне енген соң егін егіп, кәсіп қылды. Анамыз Хауа үршықменен жүннен жіп иіріп, киім тоқып киді.

2. АДАМ ӘЛАЙХИ САЛАМНЫҢ БАЛАЛАРЫНЫҢ БАЯНЫ

Адам әлай-хи салам жер жүзіне енгеннің соңында балаларының түрісінде әр түрлі ихтилафлар бар. Дұрысырағының сөзі үшбұдұр:

Хазірет Хауа жиырма құрсақта қырық бала тудырды. Әрбір құрсақта екі баладан туады еken. Хазірет Адам әлайни салам бір құрсақтағы ұлы менен екінші құрсақтағы қызды некелендіреді еken. Адам шаригатында бірге туған баланы некелендіру дұрыс еken. Өуел Қабыл деген бір баласы болды. Оныменен бірге туған қыз Ақлима атты еdi. Мұның соңында Әбіл туды, һем бір қыз бірге туды. Енді Адам әлайни салам өзінің шаригатынша Қабылменен туған қызды Әбілге беріп, Әбілменен бірге туған қызды Қабылға бермекші болды. Мұның соңында, Қабыл атасының хикматына риза болмай, інісі Әбілді өлтіріп, Ақлиманы өзіне алуға ойланды. Бұ күні Әбілді далага алып шығып өлтірді. Ақлиманы алып Йемен деген жерге қашты. Ең өуел Йемен уәлаятында мәжусилікні бастап жол салған Қабыл еdi. Осы сөйлеген оқиғаларымыз Адам әлайни саламның жер жүзіне енгенінен жұз жыл соң еdi. Қабыл Әбілді өлтіргеннің соңында дүниені қараңғылық қаптап, жер сілкініп, бек қатты қорқыныштар уақыф болды. Адам әлайни салам Қабылдан болған сойқан екенін біліп, өлген баласының сүйегін іздеді. Бір жерден құм арасында жатқанын тауып алыш қарады. Сол уақытта қандары ағып, жерге сіңіп кеткен. Адам әлайни салам дұға қылып, жерді қарғады. Мұның соңында жерге адамның қаны сіңбейтұғын болды.

3. АДАМ ӘЛАЙНИ САЛАМНЫҢ ОПАТЫНЫҢ БАЯНЫ

Алла Тәбарак уа Тағала Адам әлайни саламға жиырма бір қағаз кітап ендірді. Бұл кітапта бағзы шаригаттың үкімі бар еdi. Қан төгу әуелен кісінің арамдығы секілді, Адам әлайни саламға Алла тағала қияметте қадірлі балаларында сейленетуғын тілдердің баршасында білгізді, һем бір тілдің оқылына шақ әліпби әріplerі сол кітапта жазылған еdi. Адам әлайни саламға өр күнге елу ракағат намаз парыз болыш еdi. Өуел жаз уа жазуны бастап үйреткен Адам әлайни салам еdi. Мұның соңында Үйдырыс әлайни саламға қадар ешкім жазу жазбады. Адам қабырғасынан анамыз Хауаның жаратылмағы, періштелер-

дің сәждे қылмағы, Алла тағаламенен сейлесмегі Адам әлайһи саламның мұғжизасынандур. Адам әлайһи саламның өмірі бітіп, өлімге әзірленген уақытта ұжмақтан бір жеміс жеуге көңілі сүйді. Мұның соңында өмір қылды балаларына:

— Менің үшін сіздер ұжмақ жемісін іздең келіңіз, — деді. Балалары кетті. Келе жатқанда бір бөлек періштеге ұшырады. Періштелер:

— Қайда барасыз, не қызметіңіз бар? — деді. Адам балалары айтты:

— Атамыз сырқау еді. Ұжмақ жемісін жеуге тіледі. Мұның соңында сол жемісін іздең келеміз, — деді. Періштелер:

— Сізлердің іздеген нәрсеніз атаңызға табыстыруды, — деділер. Мұның соңында қайттылар. Келсе атасы опат болған екенин көрділер. Періштелер Адам әлайһи саламды жуып, кебінге орап, жаназасын оқыдылар. Жебірейіл әлайһи салам имам болды. Оның артында періштелер тұрды. Оның артында Адам әлайһи саламның балалары тұрып, солайынша намазын тамам қылды. Хазірет Адам опат болған уақытында балалары нәсілі қырық мың қадар еді. Адамды көмгеннің соңында періштелер Адам балаларына: «Мәйітіңізді осылай етіп көмерсіңіз», — деп үйретті. Адам әлайһи салам жер жүзіне ұжмақтан шығып енгеніне мың жыл еді. Өмірінде түрлі ихтилафлар бар. Олай болса да өмірі мың жыл деген сөз құттырақдұр.

4. ШИШ БЕН АДАМ ӘЛАЙНІ САЛАМНЫҢ ПАЙГАМБАРЛЫҒЫ БАЯНЫ

Адам әлайһи салам екі жұз отыз жыл өмір қылғаның соңында баласы Шиши әлайһи салам дүнеге келді. Адамның балаларының ішінде бек жақсы құлқы, көркемірекі еді. Өзінен соң Адамның балаларына басшы һәм Пайғамбар болып қалды.

Дүниедегі барша халық Шиши әлайһи саламнан тараптады. Ең өуел Кағбатулланы салған Шиши әлайһи саламдұр. Сол уақытқа қадірлі Кағбатулланың орнында бір шатыр бар еді. Алла тағала ол шатырды ұжмақтан шығарып, Адамның ғибадат қылмағы үшін Кағбатулланың салынатұғын орнына қойып

еді. Алла тағала Шиш әлайһи саламға елу қағаз кітап ендірді. Шиш әлайһи салам екі жұз бес жыл өмір қылғаның соңында Ануш есімлі баласы дүниеге келді. Ануш екі жұз тоқсан жыл өмір еткеннің соңында Қинан есімлі баласы дүниеге келді. Сол заманда Хазірет Адам әлайһи салам алты жұз жиырма жасында еді. Сабии есімлі Шиш әлайһи саламның және бір баласы дүниеге келді. Бұл заманда Сабиин деп аталынатұғын қауым соның тұқымынандұр. Қинан жұз жиырма жасына келгеннің соңында Мөлайл деген бір баласы болды. Сол уақытта Адам әлайһи саламның өмірі жеті жұз тоқсан беске келіп еді. Мөлайл жұз отыз беске келгенде Адам әлайһи салам опат болды. Мөлайл жұз алпыс беске жеткенде Яруд есімлі баласы дүниеге келді. Яруд жұз алпыс жасына келгенде Ахнұх дүниеге келді. Үйдырыс әлайһи саламның есімідүр.

5. ҮЙДЫРЫС ӘЛАЙНІ САЛАМНЫҢ ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫНЫҢ БАЯНЫ

Үйдырыс бен Яруд бен Мөлайл бен Қинан бен Ануш бен Шиш әлайһи саламдұр. Алла тағаладан келген кітаплар менен уағыз насиҳат дәрісменен бек көп машғұл болған соң Үйдырыс деп ат қойды. Үйдырыс әлайһи саламның анасы Беркия деген бір қатын еді. Масил бен Ахнұх бен Қин деген кісінің қызы еді.

Тарих кітабын жазушы адамлар айтады: Үйдырыс әлайһи салам ұзын бойлы, қалың сақалды, кең көкіректі, қою шашлы. Бір құлағы екінші құлағынан зорырак, жіңішке дауысты, жүргенде тез жүретұғын. Осындаи сипатлы бір адам еді. Алла тағала Хазірет Үйдырыс әлайһи саламға отыз қағаз кітап ендірді. Нужум ғылымын білгізді, һем тиб ғылымын да уа басқа ғылым риязиларын да білетұғын еді. Алла тағала Үйдырыс әлайһи саламға уахи менен көктің сырларын кашаф қылыш еді. Юнан халқы Һермез деп айтадылар.

Адамнан соң өуел қаламмен жазу жазған, киім тігіп киген Үйдырыс әлайһи салам еді. Сол уақытқа қадар Адам балалары хайуан терісін киім қылыш киетүғын еді. Хазірет Үйдырыс әлайһи саламның хак дінге үндеген пайғамбарлығын мың кісі

ғана қабыл қылды. Ыдырыс өлайһи салам кекке көтергеннің соңында әр түрлі ихтилафлы дінлер пайда болып, көпірлік көбейе бастады. Нұх өлайһи саламның заманына қадар сол азғынлықменен келділер. Ыдырыс өлайһи салам кекке асқан уақытында үш жұз алпыс бес жасында еді. Шиши тоғызың жұз он екі жасында опат болды. Сол уақытта Ыдырыс өлайһи салам жиырма жасында еді. Адамның жер жүзіне енуіне мында жұз қырық екі жыл еді. Уа Хазірет Ыдырыс өлайһи салам жұз алпыс бес жасына келгенде Матушан есімлі баласы дүниеге келді. Матушан елу үшге келгенде Ануш бен Шиши тоғызың салам опат болды. Ануш тоғызың жұз екі жыл өмір сүрді. Матушан жұз жеті жасына келгенде Ламак есімлі баласы дүниеге келді. Ламак алпыс бірге келгенде Қинан дүниеден көшті. Ламак сексен сегіз жасында Нұх өлайһи салам дүниеге келді. Нұх дүниеге келгенде Адамнаң мың да алты жұз қырық екі жыл еді.

6. ХАЗІРЕТ НҰХ ӨЛАЙНІ САЛАМНЫҢ ПАЙГАМБАРЛЫҒЫ БАЯНЫНДА

Нұх өлайһи салам Пайғамбар болып, Алла тағала тарапынан жіберілмesten бұрын Адам балаларының арасында бек көп куфр, әр түрлі күнелар көбейді. Алла тағала бұларды хақ дінге кіргізіп, түзету үшін Нұх өлайһи саламды жіберді. Жер үстіндегі Адамның баршасы да Нұхның нәсілінендүр. Соның үшін Нұх өлайһи саламға «екінші Адам» деп ат қойдылар. Нұхның өзінің есімі Ескендер еді. Өзі үшін һәм қауымы үшін зар қылып, көп жылағаны үшін Нұх деп аталынды. Қауымын көп жыл дінге үндеді. Сонша ұзақ заманда өзінің үш баласынан басқа сексен кісі иман келтірді. Мұнан басқа қауымларының бірі құлақ аспады. Хата (Ям) есімлі бір баласы бірге көпір болды, қауымларға бірігіп. Нұх өлайһи салам әр уақыт қауымларына уағыз насиҳат айттып, дінге кіріңіз десе, қорлап мазақ қылып ренжітетүғын еді. Нұх өлайһи салам ақырында қауымнан үміт үзген соң яуыз дүға қылды, һәм дүғасы қабыл болды. Мұның соңында Алла тағала Нұх өлайһи саламға хабар берді: «Топан суы жер жүзін алады. Соның үшін құтыларға кеме жаса,